«АДТ-Сервис»
жауапкершілігі шектеулі
серіктестігі

Товарищество с ограниченной
ответственностью «АДТ-
Сервис»

Қазақстан Республикасы, Шымкент қаласы Нұрсәт мөлтек ауданы 208А үйі, Сым.тетік 8 /7252/ 29-38-67 РНН 582100022340,БИН 010940001160 р/с KZ519650000071097567, АО "Forte Bank" БИК IRTYKKZKA

Республика Казахстан, г. Шымкент мкр. Нурсат 208А, тел. 8 /7252/ 29-28-67 РНН 582100022340,БИН 010940001160 р/с KZ519650000071097567, АО "Forte Bank" БИК IRTYKKZKA

№ 76 « 05 » 04 2017ж.

Исход. № 76
"05" 04 2018 г.

**Оңтүстік Қазақстан облысы
бойынша ішкі мемлекеттік аудит
департаментінің басшысы
Б.Көшербайға**

Шағым

14.01.2018 жылы мемлекеттік сатып алу веб-порталына ашық конкурс тәсілімен жарияланған 2226332-2 , 2226345 -2 «Сарыағаш ауданы Сарыағаш қаласының негізгі көшелерін егжей тегжейлі жоспарлау жобасын әзірлеу жұмыстары» ашық конкурстың 30.03.2018 жылғы қорытындылар туралы хаттамасына төмендегіше шағым білдіремін.

Конкурстық комиссияның дауыс беру нәтижелері бойынша, қорытындылар туралы хаттамада «АДТ-сервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін «Потенциальный поставщик не соответствует требованиям конкурсной документаций в части Приложение 2 Техническая спецификация.;»-деп конкурстан заңсыз шеттеткен.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 11.12.2015 жылғы №648 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы» Қағиданың 150-тармағында конкурсқа қатысушы болып танылған әлеуетті өнім берушілерді конкурсқа қатысуға жібермеу негіздерінде, жоғарыдағы қорытындылар туралы хаттамадағы көрсетілген конкурсқа қатысудан бас тарту себебі қарастырылмаған.

Қағиданын 150-тармағында «техникалық ерекшелікті ұсынбау, әлеуетті өнім берушінің конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейтін техникалық ерекшелікті ұсынуы»-деген ғана негіздер көрсетілген.

Біз яғни, «АДТ-сервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, өз конкурстық өтініміміздe техникалық ерекшелікті ұсынғанбыз және конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келетін техникалық ерекшелік ұсынғанбыз.

Алайда, аталған ашық конкурстық ұйымдастырушысы, Бізді конкурсқа қатысудан заңсыз шеттетіп, заңды құқығымызды шектеп отыр.

Бұл жерде, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңының 4-бабындағы мемлекеттік сатып алу қағидалары сақталмай, әлеуетті өнім берушілер арасындағы адал бәсекелестік қамтамасыз етілмей, сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол беріліп отыр.

Себебі, осы конкурсқа қатысуға өтінім берген 19 әлеуетті өнім берушінің 1 (біреуі) ғана конкустық құжаттама талаптары мен біліктілік талабы сәйкес келеді деп, конкурсқа қатысуға жіберілген.

Осыған байланысты Сізден, жоғарыда аталған конкурсқа өз тарапыңыздан тексеру жүргізіп, заңды құқығымызды қалпына келтіруге ықпал етуіңізді сұранамын.

«АДТ-Сервис» ЖШС-нің
директоры М.Мамырбаева

"ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЕКЕСІ
Кіріс № 31-11-592
"05" 04 2018 ж

Тел: 29-38-67
8-778-186-73-37. tooadtservic@mail.ru.